

ЭКОНОМИКА ECONOMICS ЭКОНОМИКА

ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ – ЭКОНОМИКАДАҒЫ МЕМЛЕКЕТ РӨЛІН ӨЗГЕРТУДІҢ БАСТЫ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ БІРІ

Бақытгүл ХАМБАР*

экономика ғылымдарының кандидаты, «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ Стратегиялық әзірлемелер және тұрақты даму орталығының директоры, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан, 237809@gmail.com

Бахытгүл ЧЕРЕЕВА

аға оқытушы, М.Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университеті, Қостанай қ., Қазақстан

<https://doi.org/10.52123/1994-2370-2020-73-2-43-52>

ӨОЖ 332.025.28

ҒТАХТК 06.56.41

Аңдатпа. Бұл жұмыста жекешелендіру экономикадағы жеке сектордың үлесін арттырудың тиімді құралдарының бірі ретінде қарастырылады. Авторлар Қазақстандағы жекешелендірудің екінші толқынының іске асыру барысына, сондай-ақ, жекешелендірудің артықшылықтары мен тәуекелдеріне талдау жасаған. Жасалған талдаулар негізінде жекешелендіру процесі жеке меншік компаниялар қызметінің жақсаруына да ықпал етеді деген қорытынды жасаған. Авторлар көптеген компаниялар үшін сатуға дайындықтың өзі олардың құрылымын оңтайландырып, басқару және ішкі бақылау жүйелерін дамытуға, ішкі және сыртқы ортаны талдауға мүмкіндік беретінін айтады.

Алайда авторлар қазіргі пандемия дағдарысына байланысты жекешелендіру процесіне байланысты шараларды қайта қарап, кемінде екі жылға шегеруді ұсынады.

Түйін сөздер: жекешелендіру, мемлекеттік сектор үлесі, жеке сектор, жеке меншік.

JEL кодтары: E01, G28, H13, H82

Abstract. This paper examines privatization as one of the effective tools for increasing the share of the private sector in the economy. The authors analyzed the progress of the second wave of privatization in Kazakhstan, as well as the advantages and risks of privatization. On the basis of the analysis, it was concluded that the privatization process also affects the improvement of the activities of private companies. The authors note that for many companies, even preparation for sale contributes to optimization, development of management and internal control systems, analysis of the internal and external environment.

At the same time, in connection with the current pandemic crisis, the authors propose to revise the measures related to privatization and postpone it for at least 2 years.

Keywords: privatization, public sector share, private sector, private property.

JEL codes: E01, G28, H13, H82

Аннотация. В данной работе рассматривается приватизация как один из эффективных инструментов повышения доли частного сектора в экономике. Авторами проведен анализ хода реализации второй волны приватизации в Казахстане, также преимуществ и рисков приватизации. На основе проведенного анализа сделан вывод о том, что процесс приватизации также влияет на улучшение деятельности частных компаний. Авторы отмечают, что для многих компаний даже подготовка к продаже способствует оптимизации, развитию систем управления и внутреннего контроля, анализу внутренней и внешней среды. При этом, в связи с нынешним кризисом пандемии, авторы предлагают пересмотреть меры, связанные с приватизацией и отложить как минимум на 2 года.

Ключевые слова: приватизация, доля государственного сектора, частный сектор, частная собственность.

JEL коды: E01, G28, H13, H82

Қазақстанның алға қойған стратегиялық міндеттерінің бірі – экономикадағы жеке сектордың ролін арттыру. Осыған байланысты елімізде экономикадағы мемлекет үлесін қысқарту

бойынша жүйелі шаралар қолға алынып келеді. Нақтырақ айтар болсақ, Елбасы 2014-жылы Үкімет алдына 2020 жылға дейін ел экономикасындағы мемлекет үлесі ЭЫДҰ елдерінің деңгейіне – ішкі

*Хат-хабарларға арналған автор: Б. Хамбар, 237809@gmail.com

жалпы өнімнің 15%-ына дейін жеткізілуге тиіс деген міндет қойған болатын [1]. Осыған байланысты Қазақстанда жекешелендірудің екінші толқыны басталған еді. Алайда бұл қазіргі жағдаймен бұл меже толық орындалған жоқ. Өйткені бұл міндетке жету үшін көп кешенді жұмыс атқаруды талап етуде. Сол себепті бұл сұраққа еліміздің стратегиялық құжаттарында да ерекше мән беріледі. Қазақстан Республикасының дамуының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық жоспарында (ары қарай – Стратегиялық жоспар) «Мемлекеттің экономикадағы рөлін өзгерту» деп аталатын басымдық қарастырылған [2]. Бұл орайда бизнестің дамуына жағдай жасай отырып, еркін бәсекелестік орта қалыптастыру қарастырылған. Қарастырылған шаралар аясында әкімшілік кедергілер мен қысымды азайту, мемлекет қатысатын заңды тұлғалар қызметінің түрлерін қысқарту мен қатар жекешелендіру де қарастырылған.

Жалпы мемлекеттік мүлікті жекешелендіру нарықтық жолға түскен кез-келген елдің меншікке қатынасын трансформациялаудың негізін қалаушы бағыт болып саналады. Жекешелендіру жаңа үрдіс болмағанымен, оның әр кезеңінің өзіндік ерекшеліктері, механизмдері бар. Қазақстандағы жекешелендірудің 20 жылдан астам тарихы бар екенін білеміз. Алайда қазір іске асырылып жатқан екінші толқынның өзіндік артықшылықтары мен кемшін тұстары бар. Сондықтан да оған ғылыми тұрғыдан талдау жасау қажет.

Ең әуелі жекешелендіру не үшін керек деген сұраққа жауап беріпкөрейік. Бұл ең әуелі экономиканың жекелеген секторларында мемлекеттің монополиясын жоюға ықпал етеді. Жекешелендіру нәтижесінде мемлекеттік кәсіпорындардың санын азайып ғана қоймай, мемлекет алдына нарықтық экономиканың талаптарына барабар мемлекеттік меншік объектілерін басқару жүйесін қалыптастыру, оның объектілерін әлеуметтік міндеттерді шешу үшін пайдалану міндеттерін қояды.

Соңғы онжылдықта жекешелендіру бағдарламалары арқылы көптеген елдер өтті, оның ішінде Ұлыбритания, Германия, Түркия, Чили, Грузия және басқалары бв

[3]. Бізде олардың тәжірибесін талдау, тәуекелдерді алдын – ала бағалау және оларды болдырмау бойынша шаралар қабылдау мүмкіндігі бар.

Біз басқа елдердің теріс тәжірибесінен де, салыстырмалы оң мысалдардан да сабақ аламыз. «Салыстырмалы» – себебі кез-келген жекешелендіру бағдарламасының сыни жақтарын табуға болады. Сондықтан сын айтылған кемшіліктерді қайталамауымыз керек. Мысалы, 1990-шы жылдары Шығыс Германияда өткен жекешелендіруді алайық. Онда шешімдердің салдарын алдын-ала талдамай, асығыс жекешелендіру жүргізу экономикалық құлдырауға және халықтың әлеуметтік жағдайының нашарлауына, оның ішінде жаппай жұмыссыздыққа алып келді [4].

Жекешелендірудің тиімділігін бағалауға бірқатар зерттеулер арналған. Олардың ішінде А. Бродманның, К. Лориннің және А. Винингтің (1986-1995) еңбектерін атап өтуге болады, олар Канададағы жекешелендіру мысалын қолдана отырып, жекешелендірудің ұлғаюы салдарынан бизнес кірістерінің өсуі, өнімділік пен дивидендтерді төлеуі, қарызды азаюы туралы қорытынды жасады [5]. Сонымен қатар жекешелендірудің тиімділігі дамыған және дамушы елдерде орналасқан жекешелендіруге дейін және кейінгі кезде 85 компанияны салыстырылған Дж. Соуза мен В. Меггинсонның жұмысында да дәлелденген. Компаниялардың ел және сала бойынша бөлінуі біркелкі емес болды, мысалы, зерттеуге электроэнергетика саласындағы 16 ағылшын компаниясы қатысты. Авторлар жекешелендіру тиімді деп тұжырымдайды [4].

Б. Виллалонгтың жұмысы жекешелендіруді бағалау негізінде мемлекеттік және жеке компаниялардың тиімділігі туралы 150 жұмыстың нәтижелерін ұсынады [6]. Олардың ішінде 66%-ы жеке компаниялар тиімдірек деп тұжырымдайды, ал қалған жұмыстары мұндай қорытынды жасауға негіз жоқ деп мәлімдейді. Б. Виллалонгтың өзі жекешелендірудің тиімділігін 24 испандық компанияны ала отырып, бағалады және оның жекешелендірудің тиімділігі туралы гипотезасы расталмады. Жекешелендірудің тиімділігін бағалау

нәтижелері 1-кестеде көрсетілген. Кестеден біз зерттеулерді авторлардың әртүрлі кезеңде жасағанына қарамастан, жекешелендірудің экономикалық өсу жолында оң нәтиже беретіні жөнінде тұжырымға келгенін көреміз.

Жасалған талдаулар нәтижелерін ары қарай түсіну үшін зерттеу барысында шетел тәжірибесіне талдау жасалған болатын.

Біз үшін оң тәжірибе болып саналатын елдердің мысалы ретінде Чили

тәжірибесін қарастыруға болады. Чилидің 80-ші жылдары жекешелендіру саласында жасаған реформасы оның Латын Америкасында көшбасшылыққа қол жеткізуіне мүмкіндік берді. Бұл ел өз тәжірибесінен қалай сабақ алуға болатынын көрсете білді [7]. Сондықтан Қазақстанда 90-шы жылдары өткізілген жекешелендірудің тәжірибесі болғандықтан, еліміз өз тарихымыздан сабақ ала алады.

Кесте 1 – Жекешелендірудің тиімділігін бағалау нәтижелері

№	Автор	Жыл	Қысқаша сипаттамасы	Зерттеу нәтижелері
1	План П. [8]	1997	35 елдің деректері қарастырылды. Екі кезеңдегі ЖІӨ өсуінің орташа қарқынын салыстыру: 1984-1988, 1988-1992 жж. (жекешелендіруге дейін және кейін).	Автор жекешелендіру өсуді тездететінін көрсетеді. Инфрақұрылымдық компаниялардың өсуіне айтарлықтай әсер етеді.
2	Виллалонг Б. [6]	2000	Бірнеше жылдар бойы лонгитюд мәліметтер негізінде 24 испандық компанияны жекешелендірудің тиімділігін бағалау.	Жекешелендіру нәтижелеріне институционалдық және ұйымдастырушылық факторлар әсер етті. Рецессия кезіндегі жекешелендіру нәтижені нашарлатады, оны шетелдік инвесторға сату оны жақсартады.
3	Барнетт С. [9]	2000	Таңдау: 17 мемлекет. Кезең: 5 жыл.	Нәтижелер өсудің тездейтінін және жұмыссыздықтың төмендейтінін көрсетті. Сонымен бірге, автор нәтижелер біржақты болуы мүмкін, өйткені сол кезде көптеген елдер ХВҚ-нан қаржылық көмек алды.
4	Бордман А., Лоурин К., Виннинг А. [5]	2002	Талдау Канададағы 1986-1995 жылдардағы жекешелендірудің нәтижелеріне негізделген.	Жекешелендіру жылы немесе жылы көрсеткіштерінің жақсаруы байқалады, содан кейін олар нашарлай бастайды. «Жекешелендіру қаупінің» әсері. Мүмкін мемлекет бағаны көтеру үшін компанияны әлеуметтік немесе басқа саясат құралы ретінде қолдануды тоқтатады, осылайша коммерциялық мүдделерді көздей отырып, компания өзінің қызметін жақсартады.
5	Паркер Д. [10]	2004	1979 жылдан 1999 жылға дейін Ұлыбританиядағы жекешелендіру нәтижелерін бағалауға арналған 21 зерттеуге талдау.	11 жұмыстың авторлары меншіктің өзгеруі оң әсер етті деп санайды және ол үшін бәсекелестік орта мен реттеуді жетілдіру қажет. Факторлық өнімділікті бағалау кезінде баяу өсу байқалды.

Енді өткен ғасырдың 90-шы жылдары нарықтық экономикаға өту кезеңімен қатар жүргізілген "жекешелендірудің бірінші толқынына" тоқталайық.


Жеке меншікке алғаш рет 1993 жылы Қазақстан Республикасының

Конституциясында анықтама берілді [11]. Бұл жекешелендірудің бірінші толқыны кезінде мемлекеттік меншікті ауқымды жекешелендіруді жүргізуге заңнамалық негіз болды. Алайда жекешелендірудің бұл сатысының белгілі кемшіліктері болды.

Жекешелендіру процесі толығымен ашық болмады. Сонымен қатар үкімет мәлімдегендей халықтың меншік иелері тобына тартылуы да аяғына дейін жеткізілген жоқ. Алдымен еңбек ұжымдары өз кәсіпорындарының акционерлері бола алады деп жарияланды. Қызметкерлер акцияларды сатып алды, содан кейін басшылардың немесе олармен үлестес адамдардың өздері осы акцияларды арзан сатып алды. Өйткені халықтың көп бөлігі оларды ары қарай қалай іске жарату керектігін түсінбегендіктен, оларды ақшаға айырбастауды жөн көрді. 1994-1995 жылдары Инвестициялық жекешелендіру қорларының (ИЖҚ) саны көбейді. ИЖҚ құру мақсаты жиналған жекешелендірудің инвестициялық купондары есебінен мемлекеттік нысандарды сатып алу бойынша аукциондарға қатысты. Оны өткізгеннен кейін жекешелендіру купондарының иелері ИЖҚ акцияларын

алатын еді, бұл оларға кейін дивиденд алуға құқық береді [12]. Алайда, жекешелендірудің инвестициялық купондарын халықтан жинағаннан арыға бармады десек те болады. Купон иелерінің көбі кейіннен жаппай жекешелендіруден үлестерін алған жоқ. Өйтсе де бұл кезеңнің тәуелсіз елдің экономикалық жүйесінің қағидаларының қалыптасуына тигізген үлесі зор болды. Кәсіпорындардың едәуір үлесі мемлекеттік меншікте қалды. Көптеген компаниялар мен даму институттары жекешелендірудің бірінші толқынынан кейін құрылды. Сонымен, жекешелендірудің алғашқы толқыны мемлекеттің экономикаға қатысуын азайтып, нарық тұжырымдамаларды толық іске асыруға көшудің тиімді құралына айналды.

Еліміздің жекешелендірудің бірінші толқынында мемлекеттік меншікті басқару механизмі 1-суретте көрсетілген.



Ескерту: авторлар жасаған

Сурет 1 – 1993-1995 жылдары мемлекеттік меншікті басқару механизмі

Жекешелендірудің бірінші толқында қолданылған әр жекешелендіру тәсілдері бойынша меншікті іске асыруда мемлекет пен халықтың арасындағы механизм суретте көрсетілген.

Бірінші кезеңдегі жекешелендіру үш бағытта жүргізілген болатын: жаппай жекешелендіру, кіші жекешелендіру мен жеке жобалар. Жаппай жекешелендіру кезінде тұрғындарды инвестициялық жекешелендіру купондармен қамтамасыз етіп, инвестициялық қорлар арқылы купондар негізінде меншік объектілерді сатып алу көзделген еді. Мемлекеттік меншік объектілері бойынша акциялар үлестері аукцион арқылы сатылды. Статистикаға жүгінсек, 1995 жылдың аяғына дейін 1846 млн. купон таратылып, олардың 63,5%-ы купондық аукциондарда іске асырылды. Жаппай жекешелендіру бағдарламасына 3 473 кәсіпорын қатысқан

еді, олардың іске асыру нәтижесінде купондық аукциондарда 38,1%-ы, ақшалай аукциондарда 10,2% сатылды, қызметкерлерге 18,3%-ы берілді, ал мемлекеттік меншігінде кәсіпорындардың 33,4%-ы қалған еді. Кіші жекешелендіру кезінде жеке және заңды тұлғаларға аукцион мен конкурс негізінде меншік объектілері сатылған. Жекешелендіруге көтерме және бөлшек сауда, қоғамдық тамақтану мен тұрмыстық қызмет кәсіпорындары қатысты. Нәтижеде жекешелендіруге қатыстырылған 9005 объектінің 49,7%-ы сатылған еді.

Жекешелендірудің жеке жобалар әдісі ірі мен ерекше объектілерді сатуға қолданылған (кесте 2). Жеке жобалар бағдарламасына 142 кәсіпорын енгізілді, оның ішінде 3,5%-ы толығымен сатылды, 31%-ы сенімді басқаруға берілді.

Кесте 2 – Жеке жобалар бойынша жекешелендіру нәтижесі

	Купондық аукциондар да сатылған акциялар	Толық сатылды	Жартылай сатылды	Сенімді басқаруға берілді	Мемлекеттік меншікте	Жұмысшылардың меншігінде	Барлығы
АҚ саны	7	5	32	38	138	138	142
Сатылған акциялар, %	0,5	1,5	3,4	24,1	84,6	10,5	100
Құны, мың тенге	19 178	6 142	13 922	98 103	336 326	41 087	407 040
Орташа, %	9,3	100	14,7	75,6	84,6	10,1	100

Ескерту: мәліметтері негізінде авторлар жасаған [12]

Көріп отырғанымыздай, ірі кәсіпорындардың ішінде ортақ басқаруда 138 объект қалған еді, оның ішінде 10,5% акциялар үлесі кәсіпорын жұмысшыларына берілді. Жекешелендіру нәтижесінде ірі объектілердің 85%-ы мемлекеттің меншігінде қалған еді.

Ал енді елімізде де іске асырылып келе жатқан жекешелендіру процесінің екінші толқынының ерекшелігі – бұл бұрынғыдай мемлекет қарамағындағы мүліктерді жеке меншікке беру ғана емес, мемлекеттің тарапынан басқарылғанмен нарық механизмдерімен жұмыс жасайтын компаниялар үлесін жеке меншікке өткізу. Алайда жекешелендіруге байланысты Қазақстан Республикасының экономикасындағы мемлекеттік сектордың қысқаруы мемлекеттік органдардың әкімшілік-билік ұстанымдарын шектемейді.

Мемлекет бұрынғысынша шаруашылық қызметпен айналысады. Ол бұл үшін түрлі ұйымдық-құқықтық формаларды пайдаланады. Олар төмендегідей нысандардағы нарықтық механизмге бағытталған:

- шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар арқылы кәсіпкерліктің мемлекеттік нысаны;

- шарттық нысандар-сенімгерлік басқару;

- жеке кәсіпкерліктің ұйымдық нысандары – шаруашылық серіктестіктер арқылы басқару [13].

Нарық жағдайында мемлекеттік меншіктің қызмет етуі мен қолданылатын басқару тәсілдерінің айырмашылықтарын жоғарыда аталған нысандардан айқын көруге болады, яғни кәсіпкерлік ортада мемлекеттің қатысуы мемлекеттік

кәсіпорындар, сенім жүктеле отырып басқару мен жеке шаруашылық субъектілердің капиталындағы бар үлесі негізінде жүргізіледі.

Қаржы министрлігінің мәліметінше, 2014 жылы жекешелендірудің екінші толқыны жарияланған кезде мемлекет экономиканың түрлі салаларында жұмыс істейтін 25 мыңнан астам Мемлекеттік кәсіпорындардың меншік иесі болып табылады [14].

2016 жылда қабылданған Кешенді жекешелендіру жоспары бойынша 2021 жылға дейін республикалық меншіктің үлесін 15%-ға, ал коммуналдық меншікті 5% қысқартуы жоспарланған еді [15]. Төменгі кестеде 2019 жылдың басындағы жағдай бойынша жекешелендірудің нәтижелері көрсетілген.

Кесте 3 – 2014-2018 жылдары жекешелендіретін кәсіпорындар саны

Меншік түрі	2014-2018 жж. жоспары	Сатылымға шығарылды	2014-2018 жж. сатылды
Республикалық меншік	85	70	65
Коммуналдық меншік	598	378	360
Ұлттық холдинг активтері	301	191	154
Ұлттық компаниялар активтері	211	170	155
БАРЛЫҒЫ:	1195	809	734

Ескерту: мәліметтері негізінде авторлар жасаған [15]

Кестеден көрсетілгендей 2018-жылдың аяғына дейін жоспарланған 1195 объектінің ішінде 734-і ғана сатылды, яғни жоспар 61,4%-ға ғана орындалды. Жоспардың орындалмау нәтижесінің бірі – бұл объектілердің сатылымға алдын-ала дайындығының төмендігі, себебі 1195 объектінің ішінде 809 объекті ғана сатуға шығарылған.

Әлеуетті инвесторлар тарапынан қызығушылықтың болмауын әртүрлі себептермен түсіндіруге болады. Олардың бастысы – жоғары бағалар мен объектілердің коммерциялық тартымсыздығы. Бұл жағдайда бөліп-бөліп сату тетігі бойынша коммуналдық меншіктен бизнес қызығушылық тудыратын активтерді бизнеске беруді бір нұсқа ретінде қарастыруға болар еді.

Алайда қолға алынған шаралар біраз міндеттерге жетуге мүмкіндік берді. Бірқатар мемлекеттік объектілер бәсекелес ортаға берілді. Ал мемлекеттік компанияларды оларға тән емес қызметтер мен активтерден арылтуға мүмкіндік туды. Бұған нақты ықпал еткен шаралардың бірі – 2015-жылдың қыркүйегінде қабылданған жекешелендіруді оған Ұлттық басқарушы

холдингтердің негізгі активтерін енгізу есебінен кеңейту шарасы [16].

Жалпы жекешелендірудің халыққа, бизнеске және үкіметке келтіретін пайдасымен қатар тәуекелдері де бар. Енді соларға тоқталайық. Жекешелендіру бағдарламасы, ең әуелі, мұнай экспортынан түсетін табыстың төмендеуімен байланысты болды. Үкімет мұндай жағдайда барлық ықтимал резервтерді іздеуге мәжбүр. Ең қарапайым, бірақ ең тиімді нұсқа мемлекеттік активтерді ауқымды жекешелендіру болып табылады. Бірақ бүгінде олардың құны төмендейді, сол себепті үкіметтің экономикалық блогына қойылатын міндеттерге қол жеткізіле ме деген сұрақ туындайды.

Ал саяси жақтары туралы айтатын болсақ, мұндай ауқымды жекешелендіру элиталық топтардың кво-мәртебесіне нұқсан келтіруі мүмкін. Яғни, қазіргі уақытта үлкен саяси салмағы бар топтар жекешелендіру аясында белгілі бір саяси артықшылықтарды пайдалана алады.

Алайда экономикалық толқулар салдарынан корпоративтік экономикалық көрсеткіштер төмендеді. Оның ішінде Қазақстанның жүйе құраушы банктері де бар. Тиісінше, жекешелендірілетін

активтерге, бірінші кезекте шетелдік капиталды енгізуді қарастыруға болады. Мұндай жағдайда шетелдік инвесторлардың қолына активтердің елеулі бөлігі барса, «1990-жылдары жасаған қателікті қайталамаймыз ба?», «Жекешелендірудің екінші толқыны жалпы ішкі өнімдегі шетелдік активтердің үлесінің артуына әкеліп соқпай ма?» деген сұрақтар туындайды.

Соған қарамастан, мемлекет алдына жекешелендіру процесіне отандық инвесторлармен қатар шетел инвесторларды тарту бойынша мақсат қойған. 2014-2018 жж. аралығында 27 жекешелендіру объектісі шетел инвесторларға сатылды. Бұл жалпы объектілер санынан 3,7%-ын құрайды.

Кесте 4 – 2014-2018 жылдары шетел инвесторларға сатылған жекешелендіру объектілер саны

Жыл	Саны	Сату сомасы, млн. теңге	Экономика салалары							
			өңдеу өнеркәсібі	тау-кен өнеркәсібі	ауыл шаруашылығы	көлік	ақпарат және байланыс	көтерме және бөлшек сауда	құрылыс	өзге қызметтер
2014	2	36,5	2							
2015	12	8 208,7	10		1		1			
2016	4	21 028,4	1			1		1		1
2017	5	34 589,7	2	1				1		1
2018	4	32 875,8	1			2			1	
Барлығы	27	96 739,1	16	1	1	3	1	2	1	2

Ескерту: мәліметтері негізінде авторлар жасаған [15]

Кестеден көріп отырғанымыздай, шетел инвесторлар үшін тартымды салалардың бірі өңдеу өнеркәсібі, яғни өткізілген объектілер ішінде бұл салаға тиесілі 16 объект сатылған (59,2%). 2014-2018 жылдар аралығында жекешелендіру арқылы 96 739,1 млн. теңге көлемінде инвестиция тартылған еді.

Жекешелендірудің мақсаттары: экономикадағы мемлекеттің үлесін төмендету, жеке секторды, бизнесті дамыту. Дәл осы жолмен көптеген елдер жүрді және онда осы мақсаттарға қол жеткізілді. Қазақстанда табыс өте маңызды өзгерістермен қамтамасыз етілуі мүмкін, олардың ең бастысы – меншік құқығын қорғау.

Мемлекет бәсекелестік ортаға берілген Бизнесстер жекешелендіруден кейін көп ұзамай, табысты жұмыс істеуді жалғастыруы үшін өте мүдделі, өйткені өз уақытында олардың көп бөлігіне елеулі инвестициялар жасалды.

Сонымен, тәуекел – бұл іске асырылуы мүмкін, мүмкін емес оқиға. Біздің еліміздегі жекешелендіру тәуекелдерін қарастыра отырып, олардың барлық деңгейлерде жеткілікті көп екенін атап өтуге болады. Біз үшін бұл өсу қарқынының төмендеуін, тіпті тоқырауды,

сондай-ақ қазіргі заманғы Батыс технологиялары мен олардың бағаларына қол жеткізу бойынша соққы білдіреді. Мұның бәрі ақыр соңында жеке бизнеске ықпал етеді.

Ел ішінде макроэкономикалық деңгейде көптеген проблемалар бар. Халықаралық сарапшылар еліміздегі стратегиялық жоспарлау мен бюджеттік жоспарлауды үйлесім табуы, әлеуметтік шиеленіс, мемлекеттік органдардың пәрменділігі және т.б. туралы мәселелерді көтереді. Егер бұрын бұл кәсіпорындар тапсырыстармен қамтамасыз етілген болса және мемлекеттің қарамағында болса, енді оларға бәсекелестік ортаға кіруге тура келеді. Кәсіпорын өз бетімен еркін қызмет жасайтын деңгейге жеткенше оның болашағын болжау қиын.

Жекешелендіру жөніндегі ауқымды науқанды сарапшылар оң үрдіс ретінде бағалайды. Олардың айтуынша, бүгінде экономикадағы мемлекеттің үлесі 60 пайыздан асады. Сарапшылар жекешелендіру үдерісібір сарынды жүріп жатқанын мойындайды және бірқатар себептерді көрсетеді. Ең бастысы-экономикадағы турбуленттік жағдай, атап айтқанда, теңгенің әлсіреуі. Жекешелендіруге қатысуға, қаражатты

қандай да бір объектілер мен кәсіпорындарға салуға шақыратын шетелдік инвесторлар үшін көбінесе ішкі нарыққа бағытталған жағдай бүгінде өте тартымды емес. Мұндай жағдайда инвестицияларды қайтармау тәуекелі жоғары. Әрине, жеке инвестицияларды тарту экономиканың жағдайын жақсартады.

Жекешелендіру шын мәнінде екі факторды тежейді – ақшаның жетіспеуі және мемлекеттік секторға сенімсіздік аясында ертеңгі күнге деген сенімділіктің болмауы. Сарапшылардың пікірінше, ұзақ мерзімді салымдар үшін мемлекет тарапынан қосымша кепілдіктер қажет. Әйтпесе, қазақстандық кәсіпорындар қысқа мерзімді кезеңге арналған активтер ретінде қаралатын болады. Бірінші кезекте Қазақстанда жекешелендіруге деген мұндай көзқарасты шетелдік инвесторлардан күтуге болады.

Мемлекет халықаралық инвесторларды тартуға да, қазақстандық компаниялардың қатысуына да мүдделі. Сондай-ақ, Қазақстанның бұрынғы азаматтарына капиталды заңдастыру бағдарламасы шеңберінде, соның ішінде

бұрын шетелге шығарылған капиталды жекешелендіруге қатысуға үндеуін атап өту маңызды. Жекешелендіру бағдарламасы заңдастырудың тартымды құралы болып табылады және капиталдың едәуір көлемін елге қайтаруға мүмкіндік береді деп саналады.

Біздің ойымызша, активтерден құтыла отырып, мемлекет көтеретін жалғыз тәуекел-сатылған кәсіпорын шаруашылық жүргізуші субъект ретінде өз қызметін тоқтататын, ал активтер сатылатын тәуекел. Сондықтан сатып алу-сату шарттарында қажет болған жағдайда активтердің сақталуын, қызмет бейінін және жұмыс орындарын, әсіресе жекешелендірілген кәсіпорындар экономикалық және әлеуметтік маңызы бар болып табылатын өңірлерде сақтауды қамтамасыз ететін талаптар көзделетін болады.

Төменгі кестеде бәсекелестік ортаға берілетін объектілер бойынша күшті және әлсіз жақтарына, сонымен бірге күтілетін мүмкіндіктері мен қауіп-қатерлеріне талдау жүргізілген.

Кесте 5 – Жекешелендіруге ұсынылған компаниялар келешегіне орта есеппен жасалған SWOT-талдау

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
дайын өндірістік-техникалық база нарықтағы активтердің қызмет ету мерзімі білікті қызметкерлер жекелеген қызмет түрлеріне лицензиялардың болуы клиенттік база жұмыс істеген беделі	кейбір кәсіпорындардың ұлттық компанияла немесе холдингшілік кооперацияға қатты келісім-шарттарға бағдарлануы мемлекет талап ететін икемді реттелетін баға белгілеу бейінді немесе жұмыс орындарын сақтау түріндегі әлеуметтік жүктеме (әсіресе өңірлерде)
Мүмкіндіктер	Қауіптер
мемлекеттік реттеуге тәуелсіз икемді баға белгілеу қызмет салалары мен өткізу нарықтарын кеңейту тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді өртараптандыру.	келісім-шарттар алу үшін басқа компаниялармен бәсекелесу қажеттілігі жосықсыз бәсеке баға демпингі

Жүргізілген SWOT талдау нәтижесінде көрсетілгендей жекешелендіруге ұсынылған кәсіпорындар дайын өндірістік-техникалық базамен, кәсіби мамандармен, қызмет етуге рұқсат лицензиялармен, тұрақты клиенттік базамен қамтамасыз етілген, бұл инвесторларды тарту деңгейін одан әрі

күшейтеді. Бәсекелік ортаға мемлекеттік меншіктің өтудің әлсіз жақтары да бар. Олардың қатарына кәсіпорынмен Ұлттық компаниялардың тапсырыстарын орындауға ғана бағытталуы, яғни келісім-шарт аяқтағаннан кейін жаңа клиенттерді іздеуге қиыншылықты туғызады. Ал кәсіпорынның қызмет ету салаласын

өзгертуге жекешелендіру талаптары бойынша тыйым салынған. Алайда дайын кәсіпорын негізінде инвестор үшін тауарлар мен қызметтердің әртараптандыруы бойынша қызмет салалары мен өткізу нарықтардың кеңею мүмкіндіктері пайда болады.

Елдегі ұлттық капитал нарығы мен қаржы институттарын дамыту – жекешелендіру көмектесетін маңызды мүмкіндіктердің бірі. Өз кезегінде капиталдың өтімді және серпінді нарығы, қазіргі заманғы қаржы және заңнамалық институттар елдегі іскерлік белсенділіктің, тұтастай алғанда экономиканы дамытудың қуатты ынталандыруы болады. Жария компаниялар жұмысының неғұрлым жоғары ашықтығы және заңнаманың, институттардың және корпоративтік басқару стандарттарының табысты жұмыс істеу мысалдары инвестициялық ахуалды жақсартуға алып келеді.

Алайда, барлық компаниялар үшін ашық орналастыру оңтайлы емес. Сондай-ақ стратегиялық инвесторларды, әсіресе инвестициялардың елеулі көлемін, технологиялық жаңартуды талап ететін компаниялар үшін не инвесторда терең салалық сараптама болған кезде тарту да қарастырылады. Кейбір жағдайларда жаһандық инвесторлар қазақстандық компанияларға халықаралық нарыққа қол жеткізе алады. Елеулі мәні жоқ шағын компаниялар электрондық алаңдарда аукциондардың көмегімен жеделдетілген тәртіппен сатылатын болады.

Сондай-ақ мемлекет мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің келешегі бар тетіктерін пайдалану мүмкіндігін қарастырады. Мысалы меншікті иеліктен шығармай активтерді басқаруға арналған келісім-шарттарды беруді көздейтін концессия сияқты. Мұндай нысан Ұлттық қауіпсіздік тұрғысынан маңызды стратегиялық активтер мен активтермен жұмыс істеу кезінде ең жақсы болуы мүмкін.

Әлеуметтік маңызы бар компаниялар белгілі бір шарттарда іске асырылатын болады – сатып алушылар жұмыс орындарын сақтау, компанияның бейінді қызметі және әлеуметтік мәселелер бойынша өзіне міндеттемелер алуы тиіс. Бұл міндеттемелер инвесторлармен келіссөз позициясының бір бөлігі болып

табылатын инвестициялық меморандумдардың шарттарына енгізілетін болады.

Қорытынды

Жасалған талдаулар жекешелендіру процесі мемлекеттік сектор үлесін азайтып ғана қоймай, жеке меншік компаниялар қызметінің жақсаруына ықпал ететінін көрсетіп отыр. Көптеген компаниялар үшін сатуға дайындықтың өзі олардың құрылымын оңтайландыруды, басқару және ішкі бақылау жүйелерін дамытуды, ішкі және сыртқы ортаны талдауды қамтитын болады. Осының бәрі инвесторлар мен басқа мүдделі тараптар жағынан сұранысты және соның салдарынан сату бағасын арттыру үшін қажет.

Сонымен қатар жаңа жеке меншік иелері компаниялардың табыстарына мүдделі болады. Сондықтан да олар өз компанияларына орталықтандырылған мемлекеттік басқаруға қарағанда көбірек көңіл бөледі. Демек, инвесторлар компанияға қаржы және технологиялық ресурстарды көбірек тартатын болады.

Экономикадағы мемлекеттің үлесін азайту және капиталдың ұлттық нарықтарын дамыту компаниялар арасында салауатты бәсекелестіктің өсуіне және іскерлік белсенділіктің артуына алып келеді. Осының барлығы өндірістің еңбек өнімділігі мен елдегі экономикалық өсуіне айтарлықтай әсер етеді.

Жекешелендіру бағдарламасы – жаһандық экономикалық реформалардың бір бөлігі және әртүрлі елдер ең әуелі ел экономикасының тұрақты өсуі үшін жағдай жасау, қаржы институттарын дамыту, бизнесті ашық және әділ реттеу, қолайлы инвестициялық ахуалды ынталандыру мақсатында жекешелендіру жүргізеді. Алайда қазіргі кезде пандемияға байланысты әлем елдері экономикасының дамуында айтарлықтай өзгерістер орын алуда. кейбір сарапшылардың пандемия кезіндегі және одан кейінгі жағдай елдер экономикасын орнына келтіріп, ары қарай дамыту үшін үкіметтің ролін арттыру қажет болады деп санайды. Осыған байланысты кейбір елдер жекешелендіру процесін уақытша тоқтату жөнінде шешім қабылдауда. Оған мысалға Румыния,

Украинаны алуға болады. Мұндай шешімдер қабылдаудың негізгі себептерінің бірі – «коронакризистен» кейін елдер экономикасы құлдырап, мемлекеттік активтер құнының төмендеу қаупі.

Олай болса, жекешелендіру процесі Қазақстанға да айтарлықтай пайда әкелуі үшін жекешелендіру процесіне байланысты шараларды қайта қарап, кемінде екі жылға шегерген жөн деп санаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Елбасының Үкіметтің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзі. http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/meetings_and_sittings/ukimettin-keneitilgen-otyrysyna-katysu. 14.02.2014
- 2 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары: 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 жарлығымен бек. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1800000636>.
- 3 Сухарев О.С. Приватизация, национализация и экономическая реформа. – М: Финансы и статистика, 2013. – 352 с.
- 4 D'Souza J., Megginson, W. The financial and operating performance of privatized firms during the 1990s. // Journal of Finance. – 1999. – №54(4). – P. 1397–1438.
- 5 Boardman Anthony E., Claude L., Aidan R. Vining Privatization in Canada: Operating and Stock Price Performance with International Comparisons // Canadian Journal of Administrative Sciences. – 2002. – №19(2). – P.137–154.
- 6 Villalonga B. Privatization and efficiency: differentiating ownership effects from political, organizational, and dynamic effect // Journal of Economic Behavior & Organization. – 2000. – №42(1). – P.43–77.
- 7 Полтерович В.М. Приватизация и рациональная структура собственности. Научный доклад – М: РАН ИЭ, 2012. – 66 с.
- 8 Plane P. Privatization and Economic Growth: An Empirical Investigation from a Sample of Developing Market Economies // Applied Economics. – 1997. – №29(2). – P.161–79.
- 9 Barnett S. Evidence on the Fiscal and Macroeconomic Impact of Privatization. IMF Working Paper. – Washington, DC, 2000. – 25 p.
- 10 Parker D. The UK's privatisation experiment: the passage of time permits a sober assessment. // CESIFO Working Paper. – №1126. – 2004.
- 11 ҚР Конституциясы. ҚР Жоғарғы Кеңес сессиясында 1993 жылдың 28 қаңтарда бекітілген.
- 12 Указ Президента Республики Казахстан. О Национальной программе разгосударствления и приватизации в Республике Казахстан на 1993-1995 годы: утв. 5 марта 1993 года №1135.
- 13 Постановление Правительства Республики Казахстан. О некоторых вопросах приватизации: утв. 31 марта 2014 г. №280.
- 14 Реестр государственного имущества. www.gosreestr.kz
- 15 Вторая волна приватизации. <https://privatization.gosreestr.kz/>
- 16 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. Жекешелендірудің 2016-2020 жж. арналған кейбір мәселелері туралы: 2015 жылғы 30 желтоқсанда №1141 қаулысымен бек.

REFERENCES

- 1 Elbasynyn Ukimettin keneitilgen otyrysında sojlegen sozi [Speech of the Yel Basy at the enlarged meeting of the Government]. http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/meetings_and_sittings/ukimettin-keneitilgen-otyrysyna-katysu. 14.01.2014 (in Kazakh).
- 2 Kazakstan Respublikasy Presidentinin Zharlygy. Kazakstan Respublikasynyn 2025 zhyлга deingi Strategijalyk damu zhospary: 2018 zhylygy 15 akpandagy №636 zharlygyymen bek. [Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated February 15, 2018 No. 636. On approval of the Strategic Development Plan of the Republic of Kazakhstan until 2025 and invalidation of some decrees of the President of the Republic of Kazakhstan]. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1800000636>. (in Kazakh).
- 3 Suharev O.S. Privatizacija, nacionalizacija i jekonomicheskaja reforma [Privatization, nationalization and economic reform]. – M: Finansy i statistika, 2013. – 352 p. (in Russian).
- 4 D'Souza J., Megginson, W. The financial and operating performance of privatized firms during the 1990s. // Journal of Finance. – 1999. – №54(4). – P. 1397–1438.
- 5 Boardman Anthony E., Claude L., Aidan R. Vining Privatization in Canada: Operating and Stock Price Performance with International Comparisons // Canadian Journal of Administrative Sciences. – 2002. – №19(2). – P.137–154.
- 6 Villalonga B. Privatization and efficiency: differentiating ownership effects from political, organizational, and dynamic effect // Journal of Economic Behavior & Organization. – 2000. – №42(1). – P.43–77.
- 7 Polterovich V.M. Privatizacija i racional'naja struktura sobstvennosti. Nauchnyj doklad [Privatization and the Rational Ownership Structure. Scientific Report] – M: RAN IJe, 2012. – 66 p. (in Russian).
- 8 Plane P. Privatization and Economic Growth: An Empirical Investigation from a Sample of Developing Market Economies // Applied Economics. – 1997. – №29(2). – P.161–79.
- 9 Barnett S. Evidence on the Fiscal and Macroeconomic Impact of Privatization. IMF Working Paper. – Washington, DC, 2000. – 25 p.

10 Parker D. The UK's privatisation experiment: the passage of time permits a sober assessment. // CESIFO Working Paper. – №1126. – 2004.

11 KR Konstitucijasy. KR Zhogargy Kenes sessisynnda 1993 zhyldyn 28 kantarda bekitilgen [Constitution of the Republic of Kazakhstan / approved at the session of the Supreme Council of the Republic of Kazakhstan on January 28, 1993]. (in Kazakh).

12 Ukaz Prezidenta Respubliki Kazakhstan. O Nacional'noj programme razgosudarstvennaya i privatizatsii v Respublike Kazakhstan na 1993-1995 gody: utv. 5 marta 1993 goda №1135. [Decree of the President of the Republic of Kazakhstan. On the National Program of Denationalization and Privatization in the Republic of Kazakhstan for 1993-1995: approved on March 5, 1993, No. 1135.] (in Russian).

13 Postanovlenie Pravitel'stva Respubliki Kazakhstan. O nekotoryh voprosah privatizatsii: utv. 31 marta 2014 g. №280. [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan. On some issues of privatization: approved on March 31, 2014, No. 280.] (in Russian).

14 Reestr gosudarstvennogo imushchestva [Register of state property]. www.gosreestr.kz

15 Vtoraya volna privatizatsii [Privatization second wave]. <https://privatization.gosreestr.kz/>

16 Kazakstan Respublikasy Ukimetin kaulysy. Zhekeshelendirudin 2016-2020 zhzh. arnalgan kejbir maseleleri turaly: 2015 zhyly 30 zheltoksanda №1141 [Decree of the Government of the Republic of Kazakhstan. On some issues of privatization for 2016-2020 dated December 30, 2015 No1141]. (in Kazakh).

PRIVATIZATION IS ONE OF THE MAIN TOOLS FOR CHANGING THE ROLE OF THE STATE IN THE ECONOMY

Bakhytgul KHAMBAR, candidate of Economic Sciences, director of the Center for Strategic Development and sustainable development of JSC Institute of Economic Research, Nur-Sultan, Kazakhstan, 237809@gmail.com

Bakhytgul CHEREYEVA, senior lecturer, Kostanay engineering and economic university named after M.Dulatov, Kostanay, Kazakhstan

ПРИВАТИЗАЦИЯ – ОДИН ИЗ ОСНОВНЫХ ИНСТРУМЕНТОВ ИЗМЕНЕНИЯ РОЛИ ГОСУДАРСТВА В ЭКОНОМИКЕ

Бахытгуль ХАМБАР, кандидат экономических наук, директор Центра стратегических разработок и устойчивого развития АО «Институт экономических исследований», г. Нур-Султан, Казахстан, 237809@gmail.com

Бахытгуль ЧЕРЕЕВА, старший преподаватель, Костанайский инженерно-экономический университет им. М. Дулатова, Костанай, Казахстан